



ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДЫҢ 1150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
"ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ: ЗЕРТТЕУЛЕР ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ  
БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ" АТТЫ XXII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СТУДЕНТТІК  
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

23 сәуір 2020 ж.

**Құрметті студенттер және жас ғалымдар!**

Сіздерді 2020 жылдың 23 сәуірінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде қашықтық форматында өткізілетін Әбу Насыр әл-Фарабидың 1150 жылдығына арналған **"Ғылыми шығармашылық: зерттеулер тәжірибесі және басым бағыттары"** атты XXII республикалық студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясына қатысуға шақырамыз.

**Конференцияда келесі секция жұмыстары жоспарлануда:**

- Жаратылыстану пәндерінің өзекті мәселелері;
- Техникалық ғылымның қазіргі жағдайы және дамуы;
- Білім берудегі инновациялық технологиялар;
- Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың тұрақты дамуы.

Республикалық ғылыми конференция жұмысына қатысу үшін студенттер, магистранттар мен докторанттар, жас ғалымдар және ЖОО оқытушылары шақырылады.

Баяндамалар мен мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қабылданады.

Өтінімдер мен мақалалар **2020 жылдың 15 сәуіріне дейін (қоса алғанда)** электронды түрде қабылданады.

Конференция материалдары **тек электронды түрде жарияланады**, сондықтан мақалалар ақысыз қабылданады.

Мақала мәтінінің көлемі: студенттер үшін – 5 бетке дейін, магистранттар мен докторанттар үшін – 7 бетке дейін.

**МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ**

Мақала электронды нұсқада ұсынылады. Мәтін **Word (\*.doc, \*.docx, \*.rtf)** форматында, **14** кегль, **формулалар формула редакторы** қосымшасында терілуі тиіс.

Парақтың оң жақ жоғарғы бөлігінде автордың аты-жөні, оқу орны, ғылыми жетекшісі жазылады. Парақтың ортасында мақаланың тақырыбы басылады. Мәтін тасымалдаусыз басылуы және келесі өрістердің өлшемдерін сақтауы тиіс:

- сол жақ бөлігі – 30 мм,
- оң жақ бөлігі – 15 мм,
- жоғарғы бөлігі – 20 мм,
- төменгі бөлігі – 20 мм.

Абзацтық шегініс үшінші белгіден басталады. Мәтінде тік жақшада пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер басылады, әдебиеттер тізімі мақаланың соңында басылады (5 дереккөзден кем емес).

Әдебиеттер тізімінен кейін мекен-жайыңызды, телефоныңызды көрсетуіңізді сұраймыз. Бір автордан бір ғана мақала қабылданады. Мақаланың мазмұны үшін жауапкершілік жұмыс авторына жүктеледі.

### ӨТІНІМ

Тегі, аты, жөні (толық)	
Курс, факультет	
Ғылыми жетекші (аты-жөні, ғылыми дәрежесі және атағы)	
Мекеменің атауы (толық)	
e-mail, телефон	
Мақала атауы	
Секцияның нөмірі мен атауы	
Қосымша мәліметтер	

Конференция материалдарын (өтінімдер мен мақалалар) электронды почтаға (e-mail) жіберулеріңізді сұраймыз: [korkyt.otdelnauki@mail.ru](mailto:korkyt.otdelnauki@mail.ru).

### КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ:

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би, 29А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Ғылым және технологияларды коммерцияландыру басқармасы.

тел.: +7 /7242/ 27-48-02, 26-33-01.

Ұйымдастыру комитетіне рәсімдеу тәртібі сақталмай жіберілген баяндамаларды іріктеу құқығы беріледі.